

2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының Ивановка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 35-14 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 қаңтарда № 5819 болып тіркелді.

Ескерту. 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 6-тармағымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1, 75-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының Ивановка ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 19725,1 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1437 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 330,1 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 17958 мың теңге;

2) шығындар -19725,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 мың теңге:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 01.07.2020 № 39-11 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы

мәслихатының 29.10.2020 № 42-21 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығы;

2) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы;

4) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығы;

5) сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін төлемақы.

3. Ауылдық округ бюджетінің кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін басқа да кірістер;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан ауылдық округ бюджетіне түсетін түсімдер болып белгіленсін.

5. Аудан бюджетінен ауылдық округ бюджетіне табысталған бюджеттік субвенция сомасы 15203 мың теңге белгіленсін.

6. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
XXXV сессиясының төрағасы*

В.Заика

*Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
хатшысы*

С.Муканов

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2020 жылғы 8 қаңтардағы
№ 35-14 шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған Аққайың ауданының Ивановка ауылдық округінің бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 01.07.2020 № 39-11 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі)

шешімімен; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 29.10.2020 № 42-21 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы , мың теңге
			1) Кірістер	19725,1
1			Салықтық түсімдер	1437
	01		Табыс салығы	98
		2	Жеке табыс салығы	98
	04		Жекеменшік салықтар	1339
		1	Мүлік салығы	36
		3	Жер салығы	165
		4	Көлік салығы	1138
2			Салықтық емес түсімдер	330,1
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	330,1
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	330,1
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	17958
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	17958
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	17958
Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдар-ламаның әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы , мың теңге
			2) Шығындар	19725,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	13872,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13872,1
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13872,1
07			Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	2068
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2068
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	430
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1100
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	538
13			Басқалар	3785
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3785
			Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді	

		040	экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	3785
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
			Қарыздар түсімі	0
			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы , мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2020 жылғы 8 қаңтардағы
№ 35-14 шешіміне 2- қосымша

2021 жылға арналған Аққайың ауданының Ивановка ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы , мың теңге
			1) Кірістер	16483
1			Салық түсімдері	2561
	04		Жекеменшік салықтар	2561
		1	Мүлік салығы	59
		3	Жер салығы	346
		4	Көлік салығы	2154
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	13924

	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	13924
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	13924
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
			2) Шығындар	16483
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15552
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15552
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15552
07			Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	931
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	931
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	581
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	50
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	300
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
			Қарыздар түсімі	0
			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2020 жылғы 8 қаңтардағы
№ 35-14 шешіміне 3- қосымша

2022 жылға арналған Аққайың ауданының Ивановка ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1) Кірістер	16800
1			Салық түсімдері	2675
	04		Жекеменшік салықтар	2675
		1	Мүлік салығы	62
		3	Жер салығы	352
		4	Көлік салығы	2261
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	14125
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	14125
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	14125
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-маның әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы, мың теңге
			2) Шығындар	16800
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15840
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15840
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15840
07			Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	960
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	960
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	610
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	50
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	300
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0

			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
			Қарыздар түсімі	0
			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы , мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК